

20.03.2024 ж №U00019

Бастауыш сыныптарда жаңа технологияны қолдану тиімділігі

КАДИРОВА ГУЛЗАР НОДАРОВНА
Жетісу облысы Панфилов ауданы Жаркент қаласы
«Жамбыл атындағы орта мектеп» КММ
Бастауыш сынып мұғалімі

Егеменді еліміздің тірегі – білімді ұрпақ. ХХІ ғасыр білімділер ғасыры болмақ. Жаңа кезеңге бет бұру оңай емес. Ол үшін болашақ ұрпағын тәрбиелеу керек. Бәрімізді бүгінгі таңда алаңдататын мәселе – жас ұрпақтың сапалы білімді игеруі.

Ұлтымыздың тірегіне айналар ұрпаққа деген көзқарас Президентіміздің білім саласына ерекше назар аударуымен айқындалып отыр.

Өзекті мәселе – жас ұрпақтың Президентіміздің бастаған көш-керуенге кідіріссіз ілесуі. Ілесе алмаса-бізге сын. Халқымыздың тағдыры, еліміздің ертеңі жас ұрпақтың қолында.

Қазіргі кезеңде еліміздің білім беру жүйелерінде бірқатар өзгерістер енгізіліп, олардың жаңа ұлттық модельдері құрылуда.

Мен де оқыту тәжірибемде жетістіктерге жету жолдарын қарастырудамын. Оқушылар өз пікірлерін, көзқарастарын еркін және ерікті түрде білдірсе екен деп ойлаймын. Тек білдіру емес, сонымен бірге өз пікірлерін дәлелдей алатын және оны іс жүзінде де асыра алатын тұлға болып қалыптаса алса, онда мұғалімнің биік мақсатқа қол жеткізгені болмақ.

«Мұғалімге арналған нұсқаулықтан» білім берудегі Кембридждік әдістің теориялық негізін оқып, таныса отырып, оқытудың жаңаша әдіс – тәсілдері – 7 модульді оқып келген әріптестерімнің сабақтарына қатыса отырып, өз сабақтарымда іс жүзінде қолдану арқылы оның артықшылықтарына көз жеткіздім.

Жаңа әдістерін жетілдіру мақсатында педагогтардың біліктілігін арттыру

Курсының бізге ұсынылып отырған бағдарламасы мына жеті модульді

Қамтыған:

1. Білім беру мен білім алудағы жаңа тәсілдер.
2. Сыни тұрғыдан ойлауға үйрету.
3. Білім беру үшін бағалау және оқуды бағалау.
4. Білім беруде ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалану.
5. Талантты және дарынды балаларды оқыту.
6. Оқушылардың жас ерекшеліктеріне сәйкес білім беру және оқыту.
6. Білім берудегі басқару және көшбасшылық.
7. Бұл модульдердің көпшілігін бұрыннан сабағымызда пайдаланып жүрсек те, тереңіне үңіліп, олардың өзіндік философиясын түсініп көрмеппіз. Әрине, бұрынғы дәстүрлі әдістерді де жоққа шығаруға болмайды, әр тәсілдің өзіндік артықшылықтары болады. Біз қолданып отырған бағдарламаның түрлі тәсілдерді жинақтағанына қарамастан, сындарлы оқыту негіздері қамтылған. «Оқу мен жазу арқылы сын тұрғысынан ойлауды дамыту» (СТО) бағдарламасының қазіргі таңда білімді, білгенін өмірге пайдалана алатын шәкірт тәрбиелеуде алатын орны ерекше.

Менің өзекті тақырыбым – оқытудың жаңа технологиялары мен аймақтық компоненттерді пайдалана отырып, оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттыру, шығармашылық қабілеттерін дамыту.

Негізгі көздейтін мақсатым:

Жаңа технологияны кеңінен қолана отырып, оқушылардың өз бетімен жұмыстануын дағдыландыру

Теориялық білімді тәжірибе жүзінде пайдалана білуге үйрету

Оқушылардың компьютерлік іскерлігін дамыту

Міндеттері:

Оқушылардың танымдық қабілеттерін арттыру

Оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамыту, ойлау дағдыларын қалыптастыру

Оқушылардың өз бетімен білім алуына көмектесу

Күтілетін нәтиже:

Қызығушылықты оятады

Сабақ беру әдісі өзгереді

Оқушылар ізденуге үйренеді

Уақыт тиімді пайдаланылады

Оқушылардың даму деңгейін үнемі бақылап отырамыз

Тыңдау, жазу, сөйлеу, оқу біліктіліктері артады.

Ең алдымен жаныма жақын, өз іс-тәжірибеме ертерек еніп кеткен әдіс – сыни тұрғыдан ойлауды дамыту технологиясына тоқталғым келеді:

Білімнің жаңа мазмұнын жүзеге асыру үшін жаңа технологиялар қажет – ақ. Жаңалықты меңгеру мен жүзеге асыруда дұрыс түсінбеушілік ұйымдастырушыға әртүрлі кедергі жасайтыны белгілі. Сондай педагогикалық технологиялардың бірі – оқу мен жазу арқылы сын тұрғысынан ойлауды дамыту.

Сыни тұрғыдан ойлау «ойлау туралы ойлану» деген түсінік береді. Бұл модуль арқылы маңызды мәселелерді талқылауға болады және білім беру үшін тиімді болып табылады. Бұл оқушылардың да мұғалімдердің де сыни тұрғыдан ойлауды дамытуды саналы және оймен қабылдауын көздейді. Сыни тұрғыдан ойлау – бақылаудың, тәжірибенің, ойлау мен талқылаудың нәтижесінде алынған ақпаратты ойлауға, бағалауға, талдауға және синтездеуге бағытталған пәндік шешім. Сыни тұрғыдан ойлау көбіне қарсы пікір айтуға, баламалы шешімдерді қабылдауға, ойлау және іс – әрекетімізге жаңа немесе түрлендірілген тәсілдерді енгізуге дайын болуға, ұйымдастырылған қоғамдық әрекеттерге және басқаларды сыни тұрғыдан ойлауға баулуды білдіреді. Бұл жолдағы ең оңай тәсіл балалардың жеке басының тәжірибесіндегі дәлелдерге мән беруге ынталандыру.

Сын тұрғысынан ойлаудың ең жақсы тұстары балалардың жан – жақты іздену қабілеттері дамиды және нашар оқитын оқушыларда да қозғалыс, ұмтылыс, жұмыстану қабілеттері пайда болады. Кейбір сабақтарымда кедергілерге ұшырасам да, оны жеңу жолдарын іздестіре бастадым. Сын тұрғысынан ойлау модулін реті келсе әр сабақта қолданған ұтымды. Сын тұрғысынан ойлау бағдарламасында 100-ге жуық стратегиялар бар. Қазіргі кезде мен қолданып жүрген стратегиялар Венн диаграммасы, «Т» кестесі, эссе, ой қозғау, инсерт, шығу парағы, кубизм, дискуссиялық өрнек, кластер, ішіне сыртына, синквин, т. Б.

Сын тұрғысынан ойлау – өз алдына сұрақтарға жауап іздеп, жан-жақты пікірлесіп, талдау жасап отыру. Бала санасын сол тақырыпқа байланысты ояту, ой шақыру, ойын тұжырымдау, қасындағы балалармен пікірлесу, топтасу. Сын тұрғысынан ойлау – сынау емес, шындалған ойлау. Жас балалардың да бұл жұмысы дұрыс ұйымдастырылған жағдайда өз даму деңгейіне сәйкес ойы шындалып, белгілі бір жетістіктерге жетері сөзсіз.

Бастауыш сыныптарда оқытуда мына төмендегі айтылып отырған оқыту қағидаларын қажет етеді.

1. Оқушылардың оқудағы белсенділігін, десбестігін, инициативасын арттыру

2. Оқу іскерлігі мен дағдыларын, зерттеушілік, рефлексивті, өзін-өзі бағалауын дамыту

Оқушылардың танымдық қызығушылығын дамыту

3. Өмірмен байланысты оқыту қағидасын жүзеге асыруды қамтамасыз ететін оқыту әдістерін қажет етеді.

Бастауыш сынып оқушылары үшін ең жоғарғы бедел иесі мұғалім. Оқушылар әр пәннен алатын білімдерін мұғалім арқылы қабылдайды. Оқу мен оқытушы ол үшін бөліп – жарғысыз нәрсе. Үздіксіз білім беру жүйесіндегі тұрақтанған қалпы бар сала- бастауыш мектеп. Әйтсе де соңғы уақыттарға дейін бастауыш мектеп балаларды оқу, жазуға, есептеуге ғана үйрететін, қоршаған орта, қарапайым дүниетанымға жалпы түсініктер беретін білім ошағы болып саналады. Қазіргі кезде бастауыш мектепте оқыту мазмұнын жаңарту жұмыстары бағдарламаға сай жүргізіліп, оқыту, тәрбиелеу, дамытудың жаңа мүмкіндіктері ашылды.

Бастауыш сыныптардағы оқытудың мазмұнында оқытылатын пәндер ерекше орын алады. Мұнда пәннің алдына қоятын ең негізгі мақсат, міндеттерінің бірі:

Бастауыш сыныптағы оқытылатын пәндердің негізгі ерекшеліктері

Оқушылардың рухани дүниесін байыта отырып, эстетикалық, интеллектуалдық, көркемдік, адамгершілігін, азаматтық тәрбие беру,

Оқушының логикалық ойын, ауызша сөйлеу және жазба тіл мәдениетін қалыптастыру

Жазушы туындысына бейнеленген дүниелерді эстетикалық тұрғыдан қабылдауға қажетті білім және біліктілікпен қаруландыру;

Оқушының оқу-танымдық әрекетін қалыптастыруды оқытудың жаңа технологияларын оқу үдерісіне енгізудің маңызы ерекше.

Білім берудің сапасын жақсарту мақсатында Сын тұрғысынан ойлау технологиясын өз сабақтарында қолданып жүрмін. Сын тұрғысынан ойлау технологиясының мені қызықтырғаны баланың өзі ізденіп дәлелдеуі. Оқушы бұрын тек тыңдаушы болса, енді ізденуші, ойланушы, өз ойын дәлелдеуші, ал мұғалім осы әрекетке бағыттаушы, ұйымдастырушы

Сын тұрғысынан ойлау бағдарламасы оқушының еркін сөйлеуіне, пікір таластыруына, достарының ойын тыңдауға, проблеманы шешу жолдарын іздей отырып, қиындықты шешуге бағытталған бағдарлама.

Сын тұрғысынан ойлау дегеніміз – сабақта оқушылардың қызығушылығын арттыра отырып, өз ойыңды еркін және зерттей талпындырып, тұжырым жасау.

Сын тұрғысынан ойлау дегеніміз – ой қозғай отырып, оқушының өз ойымен өзгелердің ойына сыни қарап, естіген, білгенін талдап, салыстырып, реттеп, сұрыптап, жүйелеп, білмегенін өзі зерттеп, дәлелдеп, тұжырым жасауға бағыттау өз бетімен және бірлесіп шығармашылық жұмыс жасау. Басты мақсаты оқушыларға кез келген мазмұнға сыни тұрғыдан қарап, екі ұйғарым бір пікірдің біреуін тандауға саналы шешім қабылдауға үйрету.

Бұл бағдарлама жаңа буын оқулықтарының талаптарын жүзеге асыруда оқушылардың білім деңгейін көтеруде, балаларды шығармашылыққа баулуда, ойларын еркін айтуда тез арада дұрыс шешімдер табуға атсалысатын бірден-бір тиімді бағдарлама деп есептеймін.

Сын тұрғысынан ойлау – сынау емес, шындалған ойлау. Оқушылардың да бұл жұмысты дұрыс ұйымдастырған жағдайда өз даму деңгейіне сәйкес ойы шыңдалып, белгілі бір жетістіктерге жетері сөзсіз. Көп ақпаратты талдай, жинақтай отырып, ішінен қажеттісін алуға үйретеді. Сыни тұрғысынан ойлау бағдарламасы қызығушылығын ояту, мағынаны тану, ой толғаныс кезеңдерінен түзіледі.

«Оқу мен жазу арқылы сын тұрғысынан ойлауды дамыту» технологиясымен жұмыс жасау кезінде бұл сабақтар баланың танымдық белсенділігін арттыруға, өз бетінше білім алуға, шығармашылығын қалыптастыруға ықпал етеді. Сабақта Сыни тұрғысынан оқыту

технологиясының стратегияларын пайдалана отырып, балалардың ұсыныс-пікірлерін еркін айтқызып, ойларын ұштауға және өздеріне деген сенімін арттыруға мүмкіндік туғызып отырдым. Әрбір әдіс оқушылардың ойлауына және қиялына негізделіп келеді. Баланың тереңде жатқан ойын дамытып, оларды сөйлеуге, дәлелдеуге үйретеді.

Сыни тұрғыдан ойлау әдісі бойынша жоспарланған сабаққа қалған модульдерді еркін енгізуге болады деп есептеймін. Оқушылар сабақта қалай оқу керектігін меңгереді және дағдыланады. Яғни метатаным пайда болады. Өздері ой қорытады, нәтижеге жетуге ұмтылады. Мұғалім оқушыға қалай оқу керектігін үйретеді. Дәстүрлі оқыту әдісінде мұғалім білімді беруші болған болса, жаңа оқыту әдісінде мұғалім бағыттаушы болып табылады. Сабақтағы басты тұлға, басты кейіпкер- оқушы. Оқушыны өз бетімен білім алуға, ол үшін ізденуге, терең ойлауға, зерттеуге дағдыларын қалыптастыру қажет. Жаңа білімді меңгерту үшін ең тиімді әдіс сұрақ-жауап, әңгімелесу, диалог болып табылады. Менің әр сабағым диалогқа құрылды. Топтық жұмыс арқылы оқушы мен оқушы арасында, оқушы мен мұғалім арасындағы диалогты тиімді ұйымдастыру арқылы мақсатқа қол жеткізе алдым. Нәтижесі таңғаларлық! Оқушылар мен күткеннен де артық әсер алды. Өз ойларын жарыса айтып, қызу пікірталас тудыра алды. Жаңа сабақты өз беттерімен тез меңгере алды. Сабақта «үнсіз» оқушылар «сөйлеп кетті».

Сабақ жоспарын оқушылардың өз беттерімен меңгеруіне ыңғайлы етіп және олардың жас ерекшеліктерін ескере отырып құрамын. Бұл оқушылардың жауапкершіліктерін арттырумен қатар, өзін-өзі бағалаулары үшін де тиімді болмақ. Оқушыларымыз мұғалімнің бағалауына әбден үйреніп қалған. Бағаны не үшін алды, келесі де жақсы баға алу үшін не істеу керек деген талдау жүргізілмегендіктен, оқушылар үнсіз кете беретін. Ал, жаңаша оқыту әдісінде оқушыларды бағалауға көбірек көңіл бөлуге тырыстым. Оқушының өзін-өзі бағалауын ұйымдастырдым. Себебі, бала алдымен өзіне-өзі баға беріп үйренуі керек. Алдымен «Өзін-өзі бағалау» тестын жүргіздім. Сыныптағы 21 оқушының біреуі ғана өзін-өзі жоғары бағалайтыны, өзіне сенімді екені анықталды. Оларды психологиялық тұрғыдан дайындадым. Сыныпқа көп уақытымды арнадым. Ал сабақтарда оқушылар өзін-өзі бағалауда қиналғандары байқалды. Менің қуанғаным, олар өздері туралы көп ойланды, өздерінің іс-әрекеттеріне есеп бере алды, яғни бұл жерде өзін-өзі реттеу әрекеті де көрініп жатты. Өзін-өзі реттеу әдісі оқушылардың өздері топтық ереже құрып, оны бұзбауға әрекет еткендерінен, белсенділіктерінен, сабақтан жиі қалатын оқушының да мектепке тартылғанынан, «үнсіз» оқушының сөйлегенінен, топтағы өздерінің рөлдерін жауапкершілікпен орындағанынан көрініп жатты.

3-сыныпта «Күз-береке бастауы» тақырыбындағы Абай Құнанбаевтың «Күз» өлеңі мен Міржақып Дулатовтың «Күз» әңгімесін оқыған кезде де Вен диаграммасын қолданып тиісті нәтижеге жеттім деп ойлаймын.

Вен диаграммасы-ақпаратты есте сақтау, таңдау және оқушының деңгейін көрсетеді. Ұқсастығы мен ерекшеліктерін табу кезінде тақырыпқа тереңірек үнілуге мүмкіндік береді.

Кубизм – тақырыпты жан-жақты қамтуға мүмкіндік туғызатын оқыту стратегиясы. Бұл стратегия бойынша ойлау мен жазуға көмектесу үшін кубикті және оның жан-жағындағы сөздерді қолданады. 3-сыныпта Әдібай Табылдиевтің «Дақылдар әні» өлеңін оқыған кезде, бидай, тары, күріш, сұлы сияқты дақылдармен тереңірек танысу мақсатында осы стратегияны қолдандым.

Суреттеңіз: Бидайдың түсі сары, бір сабақта бірнеше дән болады, өзі кішкентай болғанымен өмір нәрі.

Салыстырыңыз: Бидай тарыға, күрішке, арпаға ұқсас. Моншаққа да ұқсайды.

Байланыстырыңыз: Бір алқапта өскен бидай алқабы бір елді көз алдыға елестетеді. Бір түп бір жанұя сияқты, сабақта тұрған дәндер ағайынды бауырлар сияқты.

Қолданыңыз: Арпа, бидай ас екен

Алтын, күміс тас екен,- дегендей, нансыз тіршілік жоқ. Одан тәтті тоқаш, бөлке нан, печенье, макарон өнімдері жасалады.

Саралаңыз: «Ақ бидай» ертегісіндегі нанның қалай келетіні жөнінде айтып берді.

Талқылаңыз: Қолдануы туралы айтқан топқа қосарымыз бидайдан спирт жасалады. Бидайдың бірнеше сорты болады.

Оқушы бұл сабақта аз ғана нәрсені айта отырып, өзіне көп нәрсе ала алады деп ойлаймын.

Осы сыныпта Әуелбек Қоңыратбаевтың «Киіктің айласы», Сәкен Сейфуллиннің «Ақсақ киік» шығармаларын оқыған кезде Білгенім, үйренгенім, үйренгім келеді стратегиясын қолдандым.

«Дүниетану» сабақтарында бастауыш сынып оқушыларының сыни ойлау негіздерін қалыптастырудың мәні зор. «Дүниетану» пәні негізінен үш блокты: «Адам», «Табиғат», «Қоғам» бірлестіретін пән болып табылады. Яғни «өмір әліппесі» болып саналған «Дүниетану» пәні бастауыш сыныпта жаратылыстану пәндерінің негізін қалайды. Сын тұрғысынан ойлауды дамыту технологиясын дүниетану сабақтарында қолдану, оқушылардың дүниетанымын, өмірге көзқарасын, сыни тұрғыда мәселені талдай алуын дамытады. Сабақта сөйлемейтін оқушының да өз пікірін ашық, еркін түрде баяндап беруі қуантады.

Әр сабақтарымда оқушылардың қызығушылықтарын арттырудағы басты құрал болып табылатын АКТ –ны да қолдануды әр сабағымда ескердім.

Білім беруді ақпараттандыру –жаңа технологияны пайдалану арқылы дамыта оқыту, дара тұлғаны бағыттап оқыту мақсаттарын жүзеге асырады. «Қазіргі заманда жастарға ақпараттық технологиямен байланысты әлемдік стандартқа сай мүдделі жаңа білім беру өте қажет» деп, ел басы атап көрсеткендей жас ұрпаққа білім беру жолында ақпараттық технологияны яғни компьютерді оқу үрдісінде оңтайландыру мен тиімділігін арттырудың маңызы зор.

Әр мұғалім сабақ өткізген кезде оқушыларға сапалы білім беру үшін жаңа технологияларды пайдалана отырып, сонымен қатар компьютерді, интерактивті тақтаны қолдану арқылы білім берсе, оқушылардың қызығушылығы арта түсері анық.

Ақпараттық технология

Әлемдік ақпараттық кеңістікке шығу

Оқушының пәнге деген қызығушылығының артуы

Жылдамда, тез керекті мағлұматтарды алуы

Қағазды үнемдеп экологиялық тазалықты сақтауы

Дидактикалық материалдарды қолдану тиімділігі.

Практикалық дағдыларды игеруі

Тексеру түрлерімен бағалануы

Білім, білік, дағды деңгейінің қалыптасуы

Білімнің тереңдігі

Сабақ уақытын тиімді қолдану

пед технологияны игеруі

Оқушының өз бетінше ізденіп шығармашылықпен жұмыс істеуінің артуы

Тиімділігі:

Ақпаратпен жұмыс істей алу білімін қалыптастырады және қатынас жасау қабілетін туғызады.

Жаңа таным құралдарын пайдалануға және ұйымдастыруға жағдай жасайды.

Білім беруді ақпараттық тұрғыдан қамтамасыз етеді.

Оқушылар өзіне қажетті ақпаратты жедел түрде алады.

Білім сапасын арттыруға септігін тигізеді.

Оқушылардың танымдық қызығушылығын арттырады.

Оқытудың ой – өрісін, дүниетанымын кеңейтеді.

Алған білім негізін дамыта отырып оқушының шығармашылық деңгейін шыңдап,

жетістіктерге жетуіне көмектеседі.

Жаңа ақпаратты жинақтап салыстырып, жүйелеп, нақты қорытынды жасап. Дәлелдейді.

Алған білімін талдап, жинақтап, жүйелілік қалыптастырады.

Бұл технологияны оқу материалын хабарлау және оқушылардың ақпаратты меңгеруін ұйымдастыру арқылы, көзбен көру, жадын іске қосқанда арта түсетін қабылдау мүмкіндіктерімен қамтамасыз ететін әдіс деп қарауға болады.

Соңғы кезде «Қарасам – көремін, тындасам – естимін, ал әрекет жасасам – білемін» деген қағида педагогикалық қауым ортасында жиі айтылуда. Оқушылардың көпшілігі естігенінің 5 % және көргенін 20 % есте сақтайтыны белгілі. Аудио – және видеоақпаратты бір мезгілде қолдану есте сақтауды 40-50 % дейін арттырады. Оқушылардың білім алуына, іскер әрі талантты, шығармашылығы мол, еркін дамуына жол ашатын педагогикалық, психологиялық жағдай жасау үшін де тигізер пайдасы аса мол. Білім беру үрдісін ақпараттандыру – жаңа ақпараттық технологияларды пайдалану арқылы дамыта оқыту, дара тұлғаны бағыттап оқыту мақсаттарын жүзеге асыра отырып, оқу – тәрбие үрдісінің барлық деңгейлерінің тиімділігі мен сапасын жоғарлатуды көздейді.

Осы жаңа технология стратегияларын интерактивті тақтаға енгізіп қойсақ, оқушылар шығып жауаптарын орындайды. Бұл сабақты алдын ала электронды оқулықтан көрсетіп, оқушылардың есте сақтауы бойынша орындатқан тиімді. Сабақтың қызықты да түсінікті болуы мұғалімнің шеберлігі мен ізденімпаздығына тікелей байланысты. Интернет желісінде жұмыс істеу де оқушыларымызға әлемдік білім мен ғылым жетістігінен хабардар болып, оны игеруіне шексіз мүмкіндіктер ашатыны хақ.

Алдын-ала слайд түрінде жасалған сабақтың мүмкіндіктері де молшылық. Мұның барлығы да мұғалімнің шеберлігіне, ізденімпаздығына байланысты деп есептеймін. Мысалы, деңгейлік үлестірмелі тапсырмаларды оқушыларға ұсынатын болсақ, бірінен екіншісіне ауысқанша біраз уақытты қажет етеді. Ал оларды интерактивті тақтаға алдын ала енгізген жағдайда оқушылардың көз алдында үлкен көлемде көрсетіліп тұрады

Сабақтың соңында сабақтан алған әсерлерін білемін.

Қазақстанның білім беру мазмұны сөзсіз жаңа сатыға көтеріліп, алға қадам бастап келеді. Біліктілік пен шеберлігімізді ұштастырып, жас ұрпақты әлемді мойындататын рухани биікке көтеру біздердің міндетіміз.

Қорыта айтқанда, жаңа технологиялар оқушының мұғалімнен қабылдаған білімін шығармашылықпен жеткізуге үйрететін әдіс болып табылады. Эмоциялық сезімге бойлап, әсерлі сезімде болуға жетелейді; ойын түрлері арқылы баланың қиялын дамытады, зейінін тәрбиелейді, халықтық педогогикамен қаруландырады, терең білім береді; оқушылардың сөйлеу дағдысын қалыптастырады, осы сатыға жеткізуші дәнекер-ойдың модулі деп түйіндеуге болады. Бұл әдіс оқушыны ізденімпаздыққа, өз бетімен білімін жетілдіруге баулып, шығармашылық қабілетін дамытады.

Бастауыш сынып –оқушы тұлғасының қалыптасуы мен дамуының басты баспалдағы. Бастауыш сынып оқушыларымен жұмыс істеу үздіксіз білім берудің алғашқы басқышы.

Сабақ беруде пәндерді оқыту технологиясын жан-жақты қолдану- ұстаз білігі мен шеберлігі. Яғни, тәуелсіз елдің талапты ұрпағын тәрбиелеудегі жауапкершілік.

Ұстаздың міндеті –жеке тұлғаның өзіне, қоғамға қажетті қабілеттерін қалыптастыру, дамыту және өз бетімен білім алуына, өзін –өзі дамытуға қолайлы жағдай жасау. Осыған байланысты әр педагог сапалы білім мен саналы тәрбие берудің тиімді жолдарын іздестіру қажет, себебі ХХІ – ғасыр – білім беру жүйесін ақпараттандыру ғасыры.

20.03.2024 ж № U00020

**Баланың сөйлеу тілін дамытудағы
тыныс жаттығуларының маңызы**

АРЫНОВА ГУЛЬНАРА МАМЕТОВНА
Жетісу облысы Панфилов ауданы Жаркент қаласы
«Қарлығаш балабақшасы» МКҚК
Логопед

Сөйлеу – адамның бір-бірімен қатынасында ойын, еркін, сезімін білдіріп жеткізу үшін тілді қолдану үрдісі. Тілі шықпаған нәрестенің алдымен сөйлеу мүшелері дамиды. Жалпы, дүниеге келген сәби еріксіз дыбыс шығарады: қарнының ашқанын, ауырғанын немесе тағы да басқа әрекеттерін айғай салуы, жылау, қыңсылау және басқа да дыбыстар арқылы білдіреді. Бұл дыбыстар сөйлеудің ізашары болып табылады, олардың интонациялық мәнерлігіне қарап анасы баласының қарнының ашқанын, оның бір жерінің ауырып тұрғанын және тағы басқаны ұға алады. Бірақ та бұл дыбыстардың әлі де ешқандай сөйлеуге қатысы жоқ болса да, олар өте маңызды. Ол жіңішке және әртүрлі қозғалысты сөйлеу мүшелерінің дамуына себеп болады: тыныс алу, дыбыстық және артикуляция мүшелері. Бала дауысқа өте тез үйренеді және бірінші айдың аяғында сөйлеген дауысқа әрекет ете бастайды. Оған еркелік интонация ұнайды, әуенді ән оның тынышталуына және ұйықтауына көмектеседі. Тағы да біраз уақыт өткеннен кейін бала дыбыс шыққан жаққа қарай басын бұрып немесе көзімен оны қадағалайды. Егерде баланың бір жері ауырса, мазасызданса бала жылай бастайды. Баланың сыртқы дүние әсеріне реакция жасауы жылаудан басталады. Жылаудың әсерінен баланың тыныс мүшелері мен сөйлеу органдары нығая түседі.

Бірінші дыбыс артикуляциясының әрекет жасауы екі – үш айында гуілі белгіленеді, одан кейін бес айдай шамасында бала үлкендердің ерін артикуляциялық қозғалыстарын қайталауға тырысады. Бұл бірнеше қайталау қозғалыстары қозғалыс дағдысының қатаюына әкеледі. Алты айдан бастап бала бөлек буындарды анық айтады (мысалы: ше-ше, ә-ке және тағы басқа), және ақырындап үлкендерден тек барлық сөз элементтерін ғана емес, сонымен қатар интонацияны, ритмді, екпінді ұға бастайды. 9-10 айында бала бөлек сөздерді бірдей жұпты буындармен айтады (мысалы: ма-ма, па-па және тағы басқа). Бұл жылда сөздік қоры 10-15 сөзден тұрады. Ал белгілі ғалым А.Н. Леонтьев бұны даярлық этабы дейді, себебі бұл уақытта сөзді меңгеру дайындығы өтуде. Балалар төрт жасында фразалармен еркін сөйлейді, олардың сөйлемдері біршама қиын, ал бес жасында дыбыс шығаруы дұрыс дамиды.

Егерде адам дыбыстарды қалай болса солай шығара беретін болса, ешкім оны тіл деп санамас еді. Сондықтан сөйлеу мүшелерінің қозғалыстары дәл, белгілі заңдылыққа бағынып отырады. Адамда сөйлеуге арналған негізгі органы жоқ, сөйлеуге өкпе, өңеш, жұтқыншақ, тіл, тіс, ерін, ұрт қатысады. Дауысқа негізі ауыз қуысы мен мұрын қуыстары қатысады. Қатты сөйлеуде мидың үлкен жарты шарында орналасқан бөліктері реттейтін тыныс алу, фонациялық және артикуляциялық бұлшықеттер қатысады. Адамның сөзі анық және түсінікті болу үшін сөйлеу органдарының қозғалысы нақты және автоматты түрде болу керек. Сөйлеу аппараты – бас миында орналасқан орталық және тыныс алу, сөйлеу, артикуляциялық бөлімдерінен тұратын перифериялық болып екіге бөлінеді. Тыныс алу бөлімі кеуде қуысындағы өкпе, бронхы, трахеядан тұрады. Сөйлеу дем шығару кезінде пайда болады, сондықтан да сөйлеген кезде тыныс алуға қарағанда дем шығаруы көбірек. Дауыс бөлігі дыбыс қатпарлары бар кеңірдектен тұрады.

Тыныс алу қабілетін дамытуға арналған тыныс жаттығулар

«Кімнің кемесі қатты гуілдейді?»

Мақсаты: ауа тіл ортасынан шығу керек.\

Дайындық: шыныдан жасалған түтікшелер биіктігі 7-8 см. Ені 1-1,5 см.

Ойын барысы: Әр балаға логопед түтікшені үлестіреді.

-Балалар, менің түтікшем қалай гуілдейді, мен үрлеп тұрмын, қалай, кеме сияқты ма? Ал, сенікі ше?

Әдістемелік нұсқау: ауаны дұрыс шығару үшін тіл ұшы түтікшенің ауыз жағына тиіп тұру керек, түтікше иекке тиіп тұрады.

«Құс ұшты»

Мақсаты: ұзақ еркін тыныс алу.

Дайындық: Жұқа қағаздан құстарды қиып алу, оларды бояу.

Ойын барысы: екі үстел үстіне төрт құсты қоямыз. Төрт бала шақырылады, әр құстың қасына отырады. Логопед құстар құстар ұш дегенде, балалар үрлейді.

Әдістемелік нұсқау: балалар үрлегенде ұртына ауаны жинамау керек.

«Көбелек ұш»

Мақсаты: ұзақ еркін тыныс алу.

Дайындық: жіпке тізілген көбелектерді баның алдына қоямыз.

Ойын барысы: Бала орындықта отырып, көбелектерді ұзақ үрлейді.

«Суға сүңгуіштер»

Мақсаты: баланың ауызбен дем алып, мұрынмен ауаны шығаруы керек.

Дайындық: Суда шомылып жүрген балаларды бейленейтін суреттер.

Ойын барысы: Бала екі қолын екі жаққа созады, ауызбен дем алады. Бала отырады, мұрыннан ауаны шағарады.

Әдістемелік нұсқаулық: 2-3 реттен артық жасауға болмайды.

«Ойыншық»

Мақсаты: баланың мұрынмен дем алып ауыздан ауаны шығару керек.

Ойын барысы: Ойыншықты үрлеп мұрынмен дем алады, ауыздан шығарады.

«Өлең айтамыз»

Мақсаты: ауа ұзақ еркін шығуы керек.

Дайындық: ойыншық, әуен аспаптар.

Ойын барысы: Аспаптарды үрлеп а-а-а-у-у-у деп қайталайды.

«Шар»

Мақсаты: ауаны ауыздан ұзақ шығару.

Дайындық: шардың суреті, шарлар.

Ойын барысы: Шарды үрлейміз, ұртымызға ауа толтырамыз, шар босап кетті, ауаны жай, баяу ауыздан шығарамыз.

Сөйлеу тілін жетілдіруде, дыбыстарды айтып үйренуді бастамас бұрын бала дұрыс айтпайтын дыбыстарды меңгеруге артикуляциондық аппарат дайындайтын бірнеше жаттығулар түрін орындаудың мағызы өте зор!

Себебі, адамда сөйлеуге арналған негізгі органы жоқ, сөйлеуге өкпе, өңеш, жұтқыншақ, тіл, тіс, ерін, ұрт қатысады. Артикуляция мүшелеріне қысқаша тоқталып кетейік. Оның негізгі органдары болып ерін, тіл, жоғарғы-төменгі жақ, жұмсақ және қатты таңдай, альвеолдар жатады. Тіл, ерін, жұмсақ таңдай және төменгі жақ қозғалу органдары болып табылады. Дауыс буындарының қысылуына байланысты дыбыс кеңірдектен шығады. Дауыс жоғарлығымен, күшімен, екпінімен сипатталады. Дауыстың жоғарлығы дауыс буындарының толқуының жиілігіне байланысты. Ол ұзындығымен жуандығына байланысты болады. Дауыс күші демнің ішке тартылуына байланысты шығады, ал дауыс буындарының қозғалыс қарқынына байланысты болады. Баланың сөйлеуі бойының өсуімен және дамуымен бірге қалыптасады және дамудың әртүрлі қатардағы сатыларынан өтеді.

20.03.2024 г № U00018

ФАСТОВА ИРИНА АНАТОЛИЕВНА
Школа-гимназия №1 имени Динмухамеда Конаева

**Краткосрочный план урока русского языка на тему «Древняя Греция.
Знаки препинания в предложениях с прямой речью».**
Технология продуктивного чтения.

Раздел	Путешествия и достопримечательности	
ФИО педагога	Фастова Ирина Анатольевна	
Класс: 6 «Д»	Количество присутствующих	Количество отсутствующих
Тема урока:	Древняя Греция. Знаки препинания в предложениях с прямой речью.	
Цели обучения в соответствии с учебной программой	6.1.1.1 понимать основное содержание текста, извлекая главную и второстепенную информацию; 6.1.5.1 участвовать в диалоге, обмениваясь мнениями по предложенной теме; 6.1.3.1 пересказывать подробно, кратко, выборочно содержание текстов (повествование, описание) от 3-го лица; 6.4.4.1 использовать знаки препинания в предложениях с вводными конструкциями, при прямой и косвенной речи	
Цели урока	Учащиеся могут: понимать основное содержание текста, извлекая главную и второстепенную информацию; участвовать в диалоге, обмениваясь мнениями по предложенной теме; пересказывать подробно, кратко, выборочно содержание текстов (повествование, описание) от 3-го лица; использовать знаки препинания в предложениях с вводными конструкциями, при прямой и косвенной речи.	

Критерии	-понимает основное содержание текста, извлекая главную и второстепенную информацию; -участвует в диалоге, обмениваясь мнениями по предложенной теме; -пересказывает подробно, кратко, выборочно содержание текстов (повествование, описание) от 3-го лица; -использует знаки препинания в предложениях с вводными конструкциями, при прямой и косвенной речи.			
Ход урока				
Этап урока/ время	Действия педагога	Действия учеников	Оценивание	Ресурсы
Начало урока 2 минуты	Организационный момент.Эмоциона льный настрой «Яркое пятно».	Учащиеся просматривают ролик «Все в твоих руках».	Комментарий учителя	Видеоролик «Все в твоих руках»
 2 минуты	Актуализация знаний.Опрос по домашнему заданию. Схемы предложений с прямой речью.	Проговаривают свое понимание этого ролика.		Презентация
	Предтекстовая работа.Цель:умение предполагать,прогнозировать.		Похвала учителя	Слайд №1
	«Прогноз по заголовку».			Слайд №2
2 минуты	Спрогнозируйте по тексту тему урока,приведите	Учащиеся по отрывку текста определяют лексическую и грамматическую темы урока,приводят аргументы ,которые подтверждают правильность их		Слайд №3
				Слайд №4

	аргументы. Как вы считаете, чему мы научимся сегодня?Целеполагание. Попробуем составить дескрипторы к уроку. Ребята,должны ли мы помнить о том,что было давным-давно? Почему?	выбора. Учащиеся по теме урока прогнозируют цели. Проговаривают возможные дескрипторы к уроку. Ученики должны помнить(высказаться) о том,что всегда нужно уважительно относиться к истории и культуре разных народов.		
Среди на урока 3 минуты 12 минут	Текстовая работа. Цель – понимание текста и создание его читательской интерпретации, обобщение частей прочитанного текста. Деление на группы по карточкам «Олимпийские боги» «Мозговой	Учащиеся выбирают карточки и делятся на группы 1 группа- по ключевым словам найти в тексте главную информацию, по ней определить тему,привести 1 аргумент в защиту,озаглавить	Взаимооценивание по дескрипторам в группах. 1гр-находят главную информацию; определяют по ней тему;приводят аргумент,записываютего,озаглавливают	Раздаточный материал. Слайд №5 Листы А4,маркеры. Слайд №6(задание) Слайд №7(дескрипторы)

6 минут	штурм» Работа с текстом. Всем дается одинаковый текст, но разные задания (поисковое чтение).	текст. (письменно) 2 группа - найти в тексте второстепенную информацию, привести 2 аргумента в защиту, записать. 3 группа - Определить идею текста, привести 1 аргумент в защиту, записать	текст. 2гр- определяют второстепенную информацию; приводят 2 аргумента, записывают их.	Слайд №8
	«Сегодня мы волшебники». Собираем интерпретированный текст. Сравниваем с оригиналом. Послетекстовая работа. Цель-углубленное восприятие и понимание текста, выполнение творческих заданий. Упр 151, стр 91. Переконструируйте высказывание Демосфена в предложение с прямой речью. Составьте	4 группа - выписать предложения с ПР, составить схемы, доказывают их правильность. Спикеры от групп у доски собирают интерпретированный текст и пересказывают его кратко от 3 лица. Задача - сохранить главную информацию и идею текста.	3гр- определяют идею текста; приводят аргумент, записывают его. 4гр- находят предложения с прямой речью; составляют схемы; доказывают их правильность. Озвучивают количество баллов Комментарий учителя.	
10 минут				Слайд №9

	,используя его, текст из 4- 5 предложений.Идея текста-слово не должно расходиться с делом.	Ученики составляют текст,зачитывают его (5-6 учеников).Высказывают идею текста.		
Конец урока 3 минуты 4 минуты	Итог урока. В начале урока мы составили дескрипторы,оцените свою работу на уроке по ним. Рефлексия «Продолжи предложение» (психологическое и эмоциональное настроение на уроке) Д/з Повторить схемы предложений с прямой речью, выполнить упражнение №149 по условию.	Ученики проводят самооценку по дескрипторам. Ученики продолжают предложение,добавляя по 1 слову.	Самооценивание Несколько учеников озвучивают свои баллы.	Слайд №10 Слайд №11. Слайд №12

U00023 24.03.2024 ж


Ат - ер қанаты

УТЕЕВА БИБИГУЛ НУРХАСИНОВНА
Атырау облысы, Жылыой ауданы, Құлсары қаласы
"№21 жалпы орта білім беретін мектеп" КММ
Бастауыш сынып мұғалімі

Мұғалімнің аты жөні:	Утеева Бибигул Нурхасиновна			
Пәні:	әдебиеттік оқу			
Күні:	06.02			
Сыныбы: 3 «В»	Қатысушылар саны: 25	Қатыспағандар саны: 0		
Сабақтың тақырыбы	59– сабақ. Ат-ер қанаты. Қ.Баянбай «Атқа міндім»			
Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаттары	3.2.1.2 – шығарманы іштей саналы түрде түсініп, көз жүгіртіп, шолып, түртіп алып, қажетті ақпаратты тауып, белгі қойып, сын тұрғысынан бағалап оқу; 3.2.8.1 – эпизодтарды салыстыру, сюжеттің дамуындағы өзгерістерді анықтау.			
Сабақтың мақсаты	❖ шығарманы іштей саналы түрде түсініп, көз жүгіртіп, шолып, түртіп алып, қажетті ақпаратты тауып, белгі қойып, сын тұрғысынан бағалап оқиды; ❖ эпизодтарды салыстырып, сюжеттің дамуындағы өзгерістерді анықтайды; ❖ Өлең мазмұны бойынша өз сезімін көркем-бейнелі сөздерді қолдана отырып қара сөзбен баяндайды.			
Сабақтың барысы				
Сабақтың кезеңі\уақыт	Педагогтің әрекеті	Оқушының әрекеті	Бағалау	Ресурстар
Сабақтың басы 5 минут	«Додекаэдр» әдісі арқылы психологиялық ахуал қалыптастыру.	Оқушылар додекаэдрді бір-біріне лақтыру арқылы сұрақтарға жауап беріп, жазылған тапсырманы орындайды.	ҚБ: Керемет!	Додекаэдр 

	Алдыңғы білімді тексеру: «Сақина жинамақ» әдісі Шарты: Оқушылар зергерге сақина жинап көмектеседі. Берілген сұрақтардың дұрыс жауабын табады.	Оқушылар интерактивті ойынды ойнау арқылы сұрақтарға жауап береді.	ҚБ: Мұғалімнің ауызша бағалауы үздіксіз жүріп отырады.	Интерактивті тақта 
Сабақтың ортасы Жаңа білім 30 минут	Ой шақыру: Пазл құрастыру. Саралау: Диалог арқылы саралау. Сабақ тақырыбын болжау. -Олай болса, бүгінгі сабағымыздың тақырыбы: Қ.Баянбай «Атқа міндім». Сабақтың мақсатын түсіндіремін. Жаңаны ұғындыру. Талдау сұрақтары: 1.Бейнематериал не туралы? 2.Атқа міну туралы не білдің? 3.Ашамай деген не? 4.Сені не қызықтырды? Презентация арқылы автормен танысу. Оқулықпен жұмыс. (тыңдалым) -Балалар, өлең не туралы екен? 1-тапсырма.Топтық жұмыс. I - топ. ✓ Эпизодты оқыңыз. ✓ Баланың неге зәресі ұшып барады? ✓ Өз сөзіңізбен баяндап беріңіз  Білгенің жөн! Эпизод – шығарманың бөлігі Шуу, жануар! Бұл менің – алғаш атқа мінгенім. Желдірме боп атымаң, Қысып қалдым тартымаң. Атым желіп жөнелді. Қайтсем өлең мен өңді? Батылдық жоқ жаным, Зерем ұшып барады. Себебі ат тоқтап қалды Себебі ат желіп жөнелді Себебі ат шалғай қалды II - топ. ✓ Эпизодты оқыңыз.	Оқушылар топтағы оқушылармен бірге пазлдарды құрастырады. Сабақтың тақырыбын болжайды. Сабақтың тақырыбы мен мақсатымен танысады. Бейнематериалды тамашалап баланы атқа отырғызу салты жайында біледі. Презентациямен жұмыс жасайды. Эпизодты оқиды, сұрақтарға жауап береді.	Дескриптор - сұраққа жауап береді; ФБ-1 балл ҚБ:Мұғалімнің ауызша бағалауы үздіксіз жүріп отырады. (Әр топқа 2 балл) Дескриптор - сұраққа жауап береді; -өз сөзін дәлелдейді ФБ-2 балл	Пазлдар     https://www.youtube.com/watch?v=2fhs4icE9YA  Қысқаша Атқа міндім Қысқаша Атқа міндім Қысқаша Атқа міндім https://www.youtube.com/watch?v=4EFpGEsHeNs Презентац

	3-тапсырма: Жеке жұмыс ✓ Бала неге тақымын қысып қалды? ○ атты тоқтатпақ боп ○ атты кідіртпек боп ○ атты желдірмек боп ✓ Баланың бойынан қандай сезім көрінді? ○ Қуаныш ○ Мейірім ○ Қорқыныш ✓ Бала жұрттың нені білмегенін қалайды? ○ шаттанғанын ○ қуанғанын ○ қорыққанын Бекіту тапсырмасы: «Иә немесе жоқ» <table><tr><th>Іс әрекет</th><th>Иә</th><th>Жоқ</th></tr><tr><td>Тақымыда бос қойды.</td><td></td><td></td></tr><tr><td>Аты бағу қозғалды.</td><td></td><td></td></tr><tr><td>Зәресі ұшып қорқанды.</td><td></td><td></td></tr><tr><td>Құлағы шынақпап кетеді.</td><td></td><td></td></tr><tr><td>Қанышымен атты сабайды.</td><td></td><td></td></tr><tr><td>Ақырғы күшін салып, тақымын қысады.</td><td></td><td></td></tr><tr><td>Жер шетіне жеткендей болады.</td><td></td><td></td></tr><tr><td>Еңді атқа мінібейін деп шеп.</td><td></td><td></td></tr><tr><td>Көшіп ашып қараса, киіз үй тұр қасында.</td><td></td><td></td></tr></table>	Іс әрекет	Иә	Жоқ	Тақымыда бос қойды.			Аты бағу қозғалды.			Зәресі ұшып қорқанды.			Құлағы шынақпап кетеді.			Қанышымен атты сабайды.			Ақырғы күшін салып, тақымын қысады.			Жер шетіне жеткендей болады.			Еңді атқа мінібейін деп шеп.			Көшіп ашып қараса, киіз үй тұр қасында.			Оқушылар тапсырмаларды оқып, ойлана отырып, жауап береді Оқушылар сұрақ-тапсырмалар бойынша өз ойларын ортаға салады, пікірлеседі, қорытынды шығарады. Жеке жұмысты өз беттерімен орындайды.	қалай өзгерін анықтайды; -өз сөзін дәлелдей алады ФБ-2 балл Дескриптор -эпизодтарды салыстырады; ; -өз сезімдерін айтып береді; -көркем-бейнелі сөздерді қолданады; -ойын жүйелі жеткізеді. ФБ-4 балл Дескриптор -бірінші сұраққа жауап береді; - екінші сұраққа жауап береді; - үшінші сұраққа жауап береді; ФБ-3 балл ҚБ: Керемет!	Презентация Оқулық 31-32 беттер дәптер  Жеке жұмыс бетшесі Семантикалық карта
Іс әрекет	Иә	Жоқ																																
Тақымыда бос қойды.																																		
Аты бағу қозғалды.																																		
Зәресі ұшып қорқанды.																																		
Құлағы шынақпап кетеді.																																		
Қанышымен атты сабайды.																																		
Ақырғы күшін салып, тақымын қысады.																																		
Жер шетіне жеткендей болады.																																		
Еңді атқа мінібейін деп шеп.																																		
Көшіп ашып қараса, киіз үй тұр қасында.																																		

			Жарайсың! Жақсы!	
Сабақтың соңы	Үйге тапсырма:Өлеңді оқиды, қара сөзбен мазмұндау. Бағалау: Сабақ бойынша алған ұпайлары есептеліп, кері байланыс беріледі Рефлексия 	Үй тапсырмасын жазып алады. Сабақ бойынша алған ұпайлары есептеліп, кері байланыс алады. «Рефлексия тақтасы» арқылы бүгінгі сабақтан алған білімдері жайында қорытындылайды.		Оқулық Дереккөзде р Интерактивті тақта

Инновация, білім сапасын арттыруда жаңа технологиялар

ДУЙСЕМБЕКОВА САУЛЕ ЖАНАЕВНА
Қарағанды қаласы №8 ЖББ мектептің
мектепалды даярлық сыныбының мұғалімі

Еліміздің мәртебесінің биік болуы қоғам мүшелерінің келешек ел қожасы – жас ұрпақтың белсенділігі мен іскерлігіне тікелей байланысты болмақ. Қазіргі таңда еліміздің келешегін, нағыз өз елін сүйетін, әдет-ғұрпын, салт-санасын қастерлейтін ұрпақты тәрбиелеу - біздің басты парызымыз. Жас жеткіншектерді тәрбиелеуде, білім беруде алдына қойған басты мақсат - білім беру мен тәрбие үрдісіне инновациялық қызметті енгізу арқылы білім сапасын арттыру, өз ұлтының тарихын, мәдениеті мен тілін қастерлейтін және оны жалпы азаматтық деңгейдегі рухани құндылықтарға ұштастыра білетін ұлтжанды тұлға тәрбиелеу.

Қазір еліміз өркендесін, өссін деген саналы адамның ойында алдымен Елбасының елу елдің қатарына қосылуы туралы зор мақсаты тұр. Қазір мемлекетіміздің басшысы ғылымды да, білімді де осы мақсат жолына бағыштап отыр. Президент Жолдауындағы білім алдына қойылған міндеттер өте маңызды. Егер біз жоспарлар мен іс-әрекеттерімізде жүйелік пен іскерлікке жетсек, онда бұл міндеттерді орындау әбден мүмкін.

Қазіргі инновациялық технология туралы айтатын болсақ, технология грек сөзінен, яғни өнерпаздық, шеберлік, іскерлік деген ұғымды білдіреді. Инновация дегеніміздің өзі жаңалықты енгізу, жаңалық әкелу, жаңа әдістеме мен жаңа технология. Орыс педагогі К.Д. Ушинский айтқандай, «Қазіргі заман талабына сай, әр мұғалім, өз білімін жетілдіріп, ескі бір сарынды сабақтардан гөрі, жаңа талапқа сай инновациялық технологияларды өз сабақтарында күнделікті пайдаланса, сабақ тартымды да, мәнді, қонымды, тиімді болары сөзсіз».

Жаңа инновациялық технологияның басты тиімділігі бұл оқытушыға оқу үрдісін түбегейлі өзгертуге, оқытудағы пәнаралық байланысты күшейте отырып, білім алушылардың дүниетанымдарын кеңейтуге және қабілеттерін көре біліп, оны дамытуға толық жағдай жасайды.

Қазіргі заманның даму қарқыны балалардың шығармашылығын жанаша, ғылыми-зерттеу бағытында құруды талап етеді.

Бүгінгі күні Қазақстанда білім берудің өзіндік ұлттық үлгісі қалыптасуда. Педагогика ғылымында баланың тұлғалық дамуына бағытталған жаңа оқыту технологияларын шығаруға ұмтылыс көбеюде.

Келер ұрпаққа қоғам талабына сай тәрбие мен білім беруде педагогтардың инновациялық іс-әрекетінің ғылыми-педагогикалық негіздерін меңгеруі - маңызды мәселелердің бірі. Сондықтан да балалардың ой-өрісін, ұлттық мәдениетін, ұлттық рух пен сана-сезімін дамытып, алғыр тұлғаны қалыптастыруда тәрбие жүйесіндегі инновациялық іс-әрекеттердің ендірілуі үлкен жетістіктерге жетелейді. Бүгінгі мақсат - әрбір балаға түбегейлі білім мен мәдениеттің негіздерін беру және олардың жан-жақты дамуына қолайлы жағдай жасау.

«Халық пен халықты теңестіретін - білім» - деп қазақтың заңғар жазушысы Мұхтар Әуезов айтқандай, білім бәсекесіне бейім шәкірт тәрбиелеу - біздің мақсатымыз. Сондықтанда жаңа жаңалықтардан қалмай жаңалық жаршысы болуымыз керек. Бұл мақсаттарға жету үшін педагогтің ізденісі, жаңа тәжірибе, жаңа технологиялар қолдану қажеттілігі туындайды. Инновациялық технологияларды қолдана отырып оқыту - таным әрекетін ұйымдастырудың ұтымды формасы. Мақсаты—оқу үрдісінің өнімділігін арттыру. Инновациялық технологияны қолдану: оқып үйрену, меңгеру, өмірге ендіру, дамыту кезеңдері арқылы іске асады. Инновациялық оқыту білімді тереңдетумен қатар, баланы оқу әрекетіне жетелеп, олардың оқуға деген ынтасын оятады. Нақты мақсатқа қандай әдіс-тәсілдердің көмегімен жетуге болады? Оқу мақсатының жүйесінде берілген мақсаттың негізгі категорияларын пайдалана отырып, педагог өз еңбектерінің нәтижесі туралы ақпарат алуға мүмкіндік алады. Демек, мақсат пен нәтиже - жаңалыққа бет бұрудың кілті

Инновациялық үрдістің негізі - жаңалықтарды қалыптастыру, қолдану, жүзеге асырудың тұтастық қызметі. Кез -келген жаңа әдіс жекелік, сондай-ақ уақытша жоспарға жатады. Бұл яғни, бір педагог үшін табылған жаңа әдіс, жаңалық басқа педагог үшін өтілген материал тәрізді. Инновация білім деңгейінің көтерілуіне жағдай туғызады. Еліміздің білім саласында жүргізіліп жатқан реформаның басты мақсаты-ой-өрісі жаңашыл, шығармашылық деңгейде қызмет атқара алатын, дүниетанымы жоғары, жан-жақты қалыптасқан жеке тұлға тәрбиелеу.

Мектеп жасына дейінгі балаларды дамыту мәселесі қазіргі таңда мемлекеттік саясаттың ажырамас бөлігі болып отыр. Бала болашағымыз десек, сол балаға жүйелі білім беріп, ынта-ықыласын дұрыс бағыттауды, қабілет-қасиеттерін дамытуды балабақшадан бастауымыз керек. Мектепке дейінгі білім беру стандарты мектепке дейінгі тәрбие мен мектепалды даярлық топтарында педагогикалық үрдісті ұйымдастыруда жаңашыл әдіс-тәсілдерді пайдалануға мүмкіндік береді. Балабақшада жаңа педагогикалық технологияларды пайдаланудың басты мақсаты: оқыту мен тәрбиелеуде инновациялық ойын технологиясының элементтерін пайдалана отырып, жан-жақты, білімді, құзыретті тұлға тәрбиелеу.

Қазіргі таңдағы білім беру инновациялық технология түрлері:

1. Денсаулық сақтау технологиясы
2. Жобалы-іс шығармашылық технологиясы
3. Зайцев технологиясы
4. Әуенді кесте технологиясы
5. Дамыта оқыту технологиясы
6. Ақпараттық қатынастық технология
7. Ойын технологиясы
8. ТРИЗ технологиясы.

Дамыта оқытудың нәтижелі болуы тәрбиеші мен тәрбиеленушінің арасындағы жаңаша қарым-қатынас арқылы ғана өз жемісін береді. Бүгінгі күн бәсекелестік пен жоғары технологияның, ғылым мен білімнің заманы.

Сондықтан оқыту процесінде жаңа педагогикалық технологияларды пайдалану әрбір ұстаздың міндеті.

Аталған педагогикалық технологиялар мен инновациялық құралдар балабақшада балалардың жас ерекшеліктерін ескерген, әр сатыға балалардың қабылдау мүмкіндіктерін ескерген жағдайда ғана пайдалануға болады. Мектепке дейінгі балалардың есте сақтау қабілеті әлсіз, қабылдау процестері тұрақсыз келеді. Сондықтан олар затты қолмен ұстап, көзімен көргенді ұнатады. Осыған сәйкес, мектепке дейінгі балалардың оқу іс-әрекеттеріне көрнекілік, ойын технологиясын кеңінен қолданған жөн.

Тәрбиеші – бала бойына білім нәрін себетін басты тұлға. Жаңашыл тәрбиеші даярлауға қойылатын талаптар студенттерді оқытудың жаңа түрлерімен қаруландыра отырып, қазіргі уақыттағы кәсіптік дағдыларын игеруге бағытталған оқытудың жаңа жолдарын енгізуді көздейді.

Қорыта келгенде, аталған педагогикалық технологиялар мен инновациялық құралдар балабақшада балалардың жас ерекшеліктерін ескеріп, әр сатыға балалардың қабылдау мүмкіндіктеріне сай пайдалануға болады. Мектепке дейінгі балалардың есте сақтау қабілеті әлсіз, қабылдау процестері тұрақсыз келеді. Сондықтан олар затты қолмен ұстап, көзімен көргенді ұнатады. Осыған сәйкес, мектепке дейінгі балалардың оқу іс-әрекеттеріне көрнекілік, ойын технологиясын кеңінен қолданған жөн деп санаймын.

Нестандартные формы и методы проведения уроков математики

БАЖАНОВА ЛЮБОВЬ ГЕННАДЬЕВНА

*учитель математики
КГУ ОШ 17, г. Караганда*

В методической литературе существует большое разнообразие приемов и способов проведения нестандартных уроков, среди которых можно выделить следующие группы: когнитивный тип урока: уроки наблюдения и исследования объекта, – урок поиска информации, а также интегрированные уроки; творческие уроки (креативный тип): сочинение, дискуссия, – фантазия, сказка, игра; коммуникативный тип урока: бинарный, с участием двух учителей, – конференция, соревнования, диспут, аукцион или творческий отчет. Все эти формы можно реализовать при обучении математике.

Например, в 5 классе при изучении понятия числа, можно провести урок когнитивного типа творческий урок в виде путешествия, урок-конференцию. Учитель математики может использовать, по мнению методистов, нестандартные формы также при проведении контроля знаний учащихся: математическая эстафета позволяет проверить знания и навыки при помощи простых задач.

Данный вид контроля предполагает последовательное выполнение примеров одной командой; математический диктант также предполагает использование простых – заданий и позволяет проверить качество усвоения пройденного материала, либо обновить предыдущие знания; математическая викторина используется для повторения материала.

Викторина может проводиться как для групп учащихся, так и индивидуально для каждого ученика; в конце урока можно проводить математические турниры, в которых – могут использоваться как задачи по теме урока, так и занимательные задания; в качестве индивидуальной формы контроля, т.е. для определения способностей и возможностей отдельных учащихся, могут использоваться различные олимпиады и конкурсы, соревнования типа «кенгуру».

Нестандартный подход при организации уроков позволяет активизировать интерес учащихся, научить работать в коллективе, развить творческий потенциал, проверить знания учащихся, обеспечить самостоятельную деятельность.

При выборе методов и форм организации таких уроков необходимо, в первую очередь, определиться, какая цель будет основной. Если учитель ставит цель повысить интерес к предмету, то, по мнению Г.Х. Воистиновой и Г.Г. Сагитовой следует использовать развлекательные технологии: игры, соревнования. Новый материал можно объяснять с помощью сказочных персонажей, оформить урок в виде путешествия.

Для проверки знаний использовать викторины, конкурсы и соревнования. Такой подход больше подходит на начальном этапе обучения: в начальной школе или в 5-6 классах при обучении математике.

В старших классах, как отмечают методисты, можно использовать квесттехнологии: последовательное решение одной задачи за другой (линейный квест), использование перечня подсказок, позволяющих школьникам осуществлять свой выбор (штурмовой квест), выполнение разных заданий участниками для решения конечной проблемы (кольцевой квест).

Если цель – развивать самостоятельность учащихся, то урок должен служить платформой демонстрации знаний учащихся. В этом случае урок математики можно проводить в форме конференции или диспута. Учащиеся самостоятельно ищут материал по теме урока, выступают с докладами, пытаются отстоять свою точку зрения.

Например, при решении задачи разными методами класс делится на группы. Одна группа решает задачу арифметически, другая графически и т.д. Затем проводится обсуждение и каждая группа должна отстоять собственное решение. Кроме того, можно организовать сочинение на тему практического применения математических знаний или предложить написать рассказ, в котором героям требуется выполнить определенные расчеты.

Как отмечает А.В. Косолапов, интересной формой организации урока в 5-6 классе является лабораторная работа по математике. Во-первых, участие в лабораторных работах готовит учащихся к лабораторным работам по физике и химии, которые будут обязательным для них в старших классах.

Во-вторых, лабораторные работы формируют научное мировоззрение школьников. В начале занятия ставится гипотеза, которую с помощью экспериментов следует или подтвердить, или опровергнуть.

В качестве цели лабораторной работы можно рассмотреть нахождение среднего арифметического, определения средней скорости учащегося по пути из школы домой, определения световой площади помещения и т.д. В современной школе особую популярность получила проектная деятельность.

Проектно-исследовательский метод предполагает, с точки зрения Л.В. Шляпина, самостоятельную работу учащегося с информацией, формирует навыки анализа и обобщения, учит подготовке презентации и выступлений. Учитель выступает в качестве руководителя, направляя учащегося, оказывая ему поддержку.

Нестандартные уроки направлены на преодоление устоявшихся стереотипов, изменение привычных способов общения, делают изучаемый материал более наглядным. Через нетрадиционные уроки можно стимулировать развитие личностных, метапредметных и предметных универсальных учебных действий, как того и требуют новые образовательные стандарты.

Вместе с тем существует ряд трудностей использования нестандартных занятий в школе. Учитель должен хорошо владеть используемыми технологиями, быть готовым к возникновению незапланированных событий. Сам урок должен быть интересным и запоминающимся, следовательно, учитель должен больше внимания уделять содержанию учебного материала, конструированию дидактического процесса.

Нельзя перегружать программу большим количеством нестандартных уроков, так как это может привести к потере устойчивого интереса к учебному предмету и образовательному процессу.

Подводя итог, хочется обратить внимание на то, что нестандартный урок – это импровизация, результат которой сложно предсказать. При любом течении нестандартного урока от учителя требуется собранность и внимательность, он должен вести урок, направлять деятельность учащихся, т.е. быть активным участником на протяжении всего занятия.

Использование нетрадиционных форм на уроках математики благоприятно воздействует на развитие творческих способностей и логического мышления, повышает интерес и мотивацию к учебе, но только в том случае, если подготовке уделялось достаточное внимание.

МАЗМҰНЫ

- КАДИРОВА ГУЛЗАР НОДАРОВНА
- АРЫНОВА ГУЛЬНАРА МАМЕТОВНА
- ФАСТОВА ИРИНА АНАТОЛИЕВНА
- УТЕЕВА БИБИГУЛ НУРХАСИНОВНА
- ДУЙСЕМБЕКОВА САУЛЕ ЖАНАЕВНА
- БАЖАНОВА ЛЮБОВЬ ГЕННАДЬЕВНА